

ӘОЖ 334.752

**ФРАНЧАЙЗИНГТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРЕІ**

**Қуанышқали Елжас Мирболатұлы**  
*livefootball@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Үлттүк Университетінің 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші – Аханов Айдын Азаматұлы

Франчайзинг кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру нысаны ретінде бүгінгі күні кеңінен таралған құқықтық қатынастардың бірі. Өз ісін бастағысы келгендер мен өз ісін бұрыннан жүргізіп келе жатқандар кәсіпкерлер бизнесін одан әрі дамыту мақсатында франчайзингтік жүйені белсенді

пайдаланады. Себебі, көптеген кәсіпкерлердің мақсаты өз бизнесін тек өз елінің шегінде ғана емес, халықаралық аренага шыгару, сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту және кеңейту, өз брендінің дүниежүзілік танымалдығын арттыру болып табылады. Алайда, осы мақсатқа жету үшін сауда маркасын құруға және жылжытуға айтарлықтай қаржы салымдары қажет: өндірісті ұйымдастыру, маркетингтік қызмет, уақытша шығындар. Бірақ кәсіпкерлік қызметтің көптеген субъектілеріне, мысалы, жеке кәсіпкерлер мен шағын кәсіпорындарға бұл айтарлықтай күрделі мәселе. Осыған байланысты, ондай субъектілерге франчайзингтік келісім шеңберінде белгілі тауар таңбасын пайдалану құқығын сатып алу оңайырақ. Бұл жағдайда ірі франчайзер компания кәсіпкерге (франчайзи) сыйакы үшін зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар кешенін және оларға теңестірілген дараландыру құралдарын, қажетті жабдықтар мен технологияны пайдалану құқығын береді, франчайзердің өнімін немесе қызметтерін сату мақсатында персоналды оқыту ұйымдастырылады, ал осы құқықтарды иеленетін франчайзи Тарап өз кезегінде Тараптар арасында арнайы жасалған шарттың шеңберінде және қолданылу кезеңінде тек осы компанияның сауда маркасын пайдалануға міндеттенеді.

Франчайзинг бір Тараптың екінші Тарапқа (фирмаға немесе жеке кәсіпкерге) өзінің тауар белгісін, фирмалық ұлгісін, бизнесті жүргізу технологиясын, коммерциялық ақпаратты қайтарымды беру арқылы жасалатын белгілі бір өзара қарым-қатынас жүйесін білдіреді [1].

Қазақстандық кәсіпкерлер бұл кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың өзі үшін жаңа нысанын белсенді игеруде. Бірақ қазақстандық франчайзилерді сатып алатын көптеген франшизалар шетелдік болып табылады. Сондықтан халықаралық франчайзинг Қазақстан нарығын одан әрі дамыта түсетіндігін толық сеніммен айтуға болады. келешекте қазақстандық франчайзерлер сыртқы нарыққа шығады деп әрине ұміттенеміз. Бірақ бірінші, екінші жағдайда да халықаралық франчайзингтік қатынастарды құқықтық реттеу туралы мәселе өзекті болып табылады. Мұндай қатынастарды реттеудің ең онтайлы тәсілі франчайзингтік бизнесті жүргізуінде бірыңғай ережелерін құру. Бұл біріздендірілген нормалар халықаралық шартпен немесе конвенциямен қарастырылуы тиіс.

Бірақ франчайзингтік қатынастарды құқықтық реттеуді біріздендіру мәселесін қарастырmas бұрын, бүгінгі таңда қолданылатын терминологияда да бірізділік жоқ екенін атап өту қажет. Мәселен, француз философы Вольтер өз кезінде – «дауласпас бұрын термин туралы келісіп алайық», - деп дұрыс айтқан [2, 147 б.]. Себебі, кейбір әдебиеттерде Франчайзингті белгілеу үшін кейбір авторлар «франшизинг» және «френчайзинг» терминдерін қолданса, кейбірінде оның иесін «Франчайзер» кейде «франчайзор», «франшизиар», «франшиз беруші» немесе жай ғана «сатушы» деп қарастырады. Ал белгілі бір сыйақыны төлеу үшін екінші тараптан жоғарыда аталған құқықтар кешенін алатын тұлғаны «франчайзи» немесе «франшиз», «франшиз алушы», «франчайзиат», «франшизиатр», «сатып алушы» деп көрсетеді. Сәйкесінше,

франчайзинг шарттары көбінese «франшизді шарттар» деп қарастырылады. Оны былай түсіндіруге болады, яғни «франшиза», «франшизинг», «контракт» (franchise, franchising, agreement (contract)) терминдерін пайдаланудың шетелдік тәжірибесін талдау нәтижесінде шартқа (келісімшартқа) қатысты екі терминді – «франчайзинг шарты» және «франшиза туралы шарт» ұғымдарын қолдануды негіз болады деген пікірді ұстанамыз.

Алайда, «франчайзинг» пен «франшиза» терминдерінің өзара бірдей емес екенін түсіну керек. «Франчайзинг» - франчайзинг шартында қарастырылған қатынастар жүйесі болса, «франшиза» (француздық «franchise» – женілдік) осындай шарт бойынша берілетін айрықша құқықтар кешенін білдіреді.

Жоғарыда келтірілген терминологиялық мәселелерді бірінші кезекте реттеу керек. Себебі, франчайзингтік қатынастарды реттеу барысында айтарлықтай қыншылықтарды тудырады. Мәселен, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына, яғни Азаматтық кодекстің ерекше бөлімінің 45-тaraуында «Кешендік кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)» деп көрсетілген және 896-бабының 1-тармақшасында «кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша бір тарап (кешенді лицензиар) екінші тарапқа (кешенді лицензиатқа) сыйақыға айрықша құқықтар кешенін (лицензиялық кешен), соның ішінде лицензиардың фирмалық атауын және қоргалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығын, сондай-ақ лицензиаттың кәсіпкерлік қызметінде пайдалану үшін шартта көзделген айрықша құқықтардың басқа да объектілерін (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, патент және т.б.) беруге міндеттенеді» деп көрсетілген [3] Бұдан ұғынатынымыз ұлттық заңнама тұрғысынан «франчайзинг» terminін «лицензия» деп қарастырылған.

Ал, франчайзингке қатысты арнай ұлттық заңнама «Кешендік кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)» деп аталады және заңнаманың 1-бабының 2-тармағында «кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) - айрықша құқықтар кешенінің құқық иеленушісі осы кешенді басқа тұлғага өтемді негізде пайдалануға беретін кәсіпкерлік қызмет», ал осы баптың 7-тармағында «франчайзингтік қызмет - кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын жүзеге асыруға байланысты кәсіпкерлік қызмет» көрсетілген. Сонымен қатар, шарт тараптары «кешенді лицензиар (франчайзер) - кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша тарап, айрықша құқықтар кешенін кешенді лицензиатқа өтемді негізде пайдалануға беретін айрықша құқықтар кешенінің (лицензиялық кешеннің) құқық иеленушісі; кешенді лицензиат (франчайзи) - кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша тарап, лицензиардың айрықша құқықтар кешенін кәсіпкерлік қызмет пайдаланатын, осы кешеннің құқық пайдаланушысы». Ал, 1-баптың 8 тармағында қатынастарды көрсету барысында «лицензиялық қатынастар» деп көрсетілмеуі өз алдына бір сұрақ, мысалы «франчайзингтік қатынастар - кешенді кәсіпкерлік лицензия шартын орындау жөніндегі құқықтары мен

міндеттері өзара байланысты міндеттемелерге қатысушылар арасындағы құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар» [4]

Заңнамадағы басты қателік «лицензия» мен «франчайзингті» қатар қолданылуында. Осыған байланысты заңнамалық түрғыдан халықаралық тілдерде түсінікті болатындей бірыңғай «франчайзинг» терминін қолдануды дұрыс деп санаймыз. Жалпы франчайзинг туралы ұлттық заңнама бірқатар өзге мемлекеттер де, мәселен Ресей, Ұлыбритания, Франция және Германияда әлі күнге дейін қоданылмайды. Бұл өз кезегінде франчайзинг туралы халықаралық шарт құру керектігін білдіреді.

Халықаралық құқық түрғысынан қарастыратын болсақ, онда реттеудің коллизиялық әдісімен салыстырғанда халықаралық шарттардағы біріздендірілген нормалардың көмегімен жүзеге асырылатын тікелей реттеу әдісін қолдану неғұрлым тиімдірек болады деп ойлаймыз. Себебі, бұл әдіс тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары 1980 ж. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы Вена конвенциясымен, халықаралық қаржы лизингі 1988 ж. Халықаралық қаржы лизингі туралы УНИДРУА Конвенциясымен, халықаралық факторинг 1988 ж. Халықаралық факторинг туралы УНИДРУА Конвенциясымен реттелетіндігінен байқалады. Осыған байланысты халықаралық франчайзингтік қатынастарды реттейтін біріздендірілген халықаралық франчайзинг туралы конвенция құру керек екендігін ұсынамыз. Өйтепе, бұғынгі таңда Франчайзинг қатынастар келесі төрт қайнар көз арқылы реттеледі:

1. 2002 жылғы «Франшиза туралы ашу туралы» УНИДРУА модельдік заңында өзінің «франчайзер», «франчайзи», «франшиза», «франшиза туралы шарт» сияқты анықтамаларды қамтиды [5] және де осы шарттың нысанын, ақпаратты шарт бекітпей тұрып ашу талаптарын, осындағы талаптарды алыш тастау мәселелерін белгілейді. Алайда бұл модельдік заң ұсыныстық сипаттағы акт болып табылады;

2. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының 1994 жылғы франшиза бойынша нұсқаулығы «франшиза» терминінің қысқаша түсіндірмесін; франшизалардың типтерін, бөлшек саудаға арналған шарттарды салыстыру, стандартты лицензия және франшизаға арналған шарттарды; франшизаға арналған шарттың үлгі талаптарын және т.б. қамтиды [6]. Бұл құжат та ұсыныстық сипатқа ие акт;

3. УНИДРУА-ның 1998 жылғы Халықаралық мастер-франчайзинг шарттары туралы нұсқаулығы бір жағынан шарттық тәжірибесін талдауды ұсынса, ал екінші жағынан осы шарттық қатынастардың негізгі элементтерін ашады, сонымен қатар Тараптардың жекелеген құқықтары мен міндеттерін іске асырудың ерекшеліктері мен қағидаттарын белгілейді [7];

4. Халықаралық сауда палатасының 2000 жылғы халықаралық франчайзингтің үлгілік келісім-шартында франчайзингтік қатынастар қатысушыларына ұсынылатын біркелкі ұстанымдар қарастырылған. Осы құжатты жасауға франчайзингтік қатынастарды халықаралық құқықтық

реттеудің бірізділігінің болмауы және ұлттық құқыққа жүгіну қажеттілігінің туындауы негіз болған [8].

Франчайзинг шарты бойынша қатынастарды халықаралық-құқықтық реттеуде Халықаралық Франчайзинг Қауымдастыры (ХАФ) ерекше рөл атқарады. Алайда, МАФ әзірлеген актілер тек ұсынымдық сипатқа ие. Осылайша, халықаралық франчайзингтік қатынастарды біріздендіру мәселелерін зерттеу нәтижесінде қазіргі таңда тәжірибеде қолданылатын халықаралық актілер lex mercatoria нормаларының «ұлттықтан тыс» немесе «ұлттықтан жоғары» жүйесіне тәуелді және де олар тек ұсыныстық сипатқа ие деген тұжырымға келеміз. Сәйкесінше бұл айтарлықтай кемшіліктерді көрсетеді, өйткені жекелеген елдердің құқығы халықаралық сауданың қажеттілігі мен ерекшелігін ескермейді және оның нұсқамалары жекелеген мемлекеттерде айтарлықтай ерекшеленеді, осының салдарынан осы қатынастарды реттеу кезінде коллизиялар туындауы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, қазіргі уақытта халықаралық франчайзинг бойынша қатынастарды біріздендірілген халықаралық-құқықтық реттеу қажеттілігі туындалап отыр. Осы салада біркелкі нормалардың болмауы іс жүзінде Тараптар арасындағы елеулі келіспеушіліктерге ғана емес, сонымен қатар халықаралық франчайзинг шартының бірыңғай ұғымының болмауына әкеледі. Бұл ретте осы Халықаралық акт франчайзингтік қатынастарды бірыңғай құқықтық реттеуді құруы тиіс. УНИДРУА сияқты ұйым біріздендірілген нормаларды құрудың айтарлықтай тәжірибесіне ие болғандықтан осындай халықаралық актіні де әзірлеумен айналыса алады деп ойлаймыз. Атап айтқанда, халықаралық франчайзинг туралы Конвенцияны қабылдау қажет, ол тиісті шарттарды жасасу тәртібін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын; франчайзер мен франчайзидың құқықтары мен міндеттерін; шартты орындаудың салдарын қамтитын болады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Халықаралық Франчайзинг Қауымдастырының ресми сайты / International Franchise Association: URL: <http://www.franchise.org.>;
2. Франсуа-Мари Вольтер цитируется в статье В.М. Аллахвердова «Предмет психологии сквозь призму единой теории психологии» // Журнал «Методология и история психологии». Том 1. Выпуск 1. М.: Мир прессы, 2006, Сс. 146-153;
3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Азаматтық Кодексі (ерекше бөлім) // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_);
4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы №330 Қешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы Заңы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000330\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000330_);

5. Model franchise disclosure law of International Institute of the Unification of Private Law, 2002 // Website of International Institute of the Unification of Private Law: [http://www.unidroit.org/official-model-law-2/eng-model-law-franchising-fr.;](http://www.unidroit.org/official-model-law-2/eng-model-law-franchising-fr;)
6. Дүниежүзлік зияткерлік меншік ұйымының №480 жариялымы // Дүниежүзлік зияткерлік меншік ұйымының ресми сайты: <http://www.wipo.int>.
7. УНИДРУА-ның 1998 жылғы Халықаралық мастер-франчайзинг шарттары туралы нұсқаулығы (екінші басылым) // Website of International Institute of the Unification of Private Law: <http://www.unidroit.org/guide-to-international-master-franchise-second-edition>.
8. ICC Model International Franchise Contract, 2000 // <https://www.globalnegotiator.com/files/international-franchise-contract-template-sample.pdf>